



Redmi Note 13

Жылдам бастау нұсқаулығы



Дыбыс
түймелері

Қуат
түймесі

USB Type-C порты



Пайдаланушы нұсқаулығын көру үшін, QR кодын сканерлеңіз.

Redmi Note 13 құрылғысын таңдағаныңыз үшін рақмет

Құрылғыны қосу үшін, қуат түймесін ұзақ басып тұрыңыз.

Құрылғыны конфигурациялау үшін, экрандағы нұсқаулықты орындаңыз.

Толығырақ ақпарат алу үшін, біздің ресми веб-сайтымызға өтіңіз:

www.mi.com/global/service/userguide

SIM туралы:

SIM-карта ұясына әдепкі емес SIM-карталарды енгізбеңіз. Олар SIM-карта ұясын зақымдауы мүмкін.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: Бұл құрылғыны бөлшектемеңіз.

WEEE



Бұл өнімді қауіпсіз кәдеге жарату үшін арнайы сақтық шараларын ұстану қажет. Бұл таңба осы өнімді ЕО аумағында басқа тұрмыстық қалдықтармен бірге қоқысқа тастауға болмайтынын көрсетеді.

Қалдықтарды дұрыс емес кәдеге жарату нәтижесінде қоршаған ортаға немесе адам денсаулығына зиян келтірмеу үшін және материалдық ресурстарды тұрақты түрде қайта пайдалануды ынталандыру мақсатында өнімді

жауапкершілікпен кәдеге жаратыңыз.

Құрылғыны қауіпсіз түрде кәдеге жарату үшін қайтару және жинау жүйелерін пайдаланыңыз немесе құрылғы бастапқыда сатып алынған бөлшек сауда дүкеніне хабарласыңыз.

САҚ БОЛЫҢЫЗ

БАТАРЕЯ ДҰРЫС ЕМЕС БАТАРЕЯ ТҮРІНЕ АУЫСТЫРЫЛСА, ЖАРЫЛЫС ҚАУІПІ БАР. ПАЙДАЛАНЫЛҒАН БАТАРЕЯЛАРДЫ НҰСҚАУЛАРҒА САЙ КӘДЕГЕ ЖАРАТЫҢЫЗ.



Есту қабілетін зақымдамау мақсатында құрылғыны ұзақ уақыт бойы жоғары дыбыс деңгейінде пайдаланбаңыз.

Қауіпсіздік жөніндегі қосымша ақпарат пен сақтық шараларын келесі сілтемеден табуға болады: www.mi.com/en/certification

Қауіпсіздікке қатысты маңызды ақпарат

Құрылғыңызды пайдаланбай тұрып, барлық сақтық шараларын оқып шығыңыз:

- Рұқсат етілмеген кабельдерді, қуат адаптерлерін немесе батареяларды пайдалану өртке, жарылысқа, электр тогының соғуына, басқа да қауіптерге немесе құрылғының зақымдалуына әкелуі мүмкін.
- Бұл құрылғының жұмыс істеу температурасының ауқымы 0°C - 40°C құрайды. Құрылғыны осы температура ауқымынан тыс пайдалану құрылғыны зақымдауы мүмкін.
- Құрылғыңызда кірістірілген батарея болса, оны немесе құрылғыны зақымдамау мақсатында батареяны өз бетіңізше ауыстырмаңыз.
- Бұл құрылғыны тек бірге жеткізілетін немесе рұқсат етілген кабельмен және қуат адаптерімен зарядтаңыз. Құрылғыңызбен үйлесімді тек рұқсат етілген аксессуарларды пайдаланыңыз.
- Зарядтау аяқталғаннан кейін, адаптерді құрылғыдан және розеткадан ажыратыңыз. Құрылғыны 12 сағаттан артық зарядтамаңыз.
- Батареяны тұрмыс қалдықтарынан бөлек кәдеге жарату немесе қоқысқа тастау керек. Батареяны тиісті түрде пайдаланбау өртке немесе жарылысқа әкеп соқтыруы мүмкін. Құрылғыны, оның батареясын және аксессуарларын жергілікті ережелерге сәйкес қоқысқа тастаңыз немесе кәдеге жаратыңыз.
- Батареяны бөлшектемеңіз, соқпаңыз, зақымдамаңыз немесе өртемеңіз. Батареяның түрі деформацияланған немесе зақымдалған болып көрінсе, оны пайдалануды дереу тоқтатыңыз.
 - Батареяны тұйықтамаңыз, себебі бұл оның қызып кетуіне алып келуі мүмкін, нәтижесінде күйіп қалуыңыз немесе басқа да жарақаттарға тап болуыңыз мүмкін.
 - Батареяны температурасы жоғары ортаға қоймаңыз.
 - Құрылғының қызып кетуі жарылысқа әкеп соқтыруы мүмкін.
 - Батареяны бөлшектеуге, соғуға немесе мыжуға болмайды, себебі бұл оның кемуіне, қызып кетуіне немесе жарылуына әкелуі мүмкін.
 - Батареяны өртемеңіз, себебі бұл өртке немесе жарылысқа әкелуі мүмкін.
- Пайдаланушы батареяны алып тастамауы немесе ауыстырмауы керек. Батареяны тек өндірушінің уәкілетті қызмет көрсету орталығы алып тастай немесе жөндей алады.
- Құрылғыңызды құрғақ жерде ұстатыңыз.
- Құрылғыңызды өз бетіңізше жөндеуге тырыспаңыз. Құрылғының кез келген бір бөлшегі тиісті түрде жұмыс істемесе, Мi тұтынушыларды қолдау қызметіне хабарласыңыз немесе құрылғыңызды уәкілетті қызмет көрсету орталығына апарыңыз.
- Басқа құрылғыларды олардың пайдалану нұсқаулықтарына сәйкес байланыстырыңыз. Бұл құрылғыға сәйкес келмейтін құрылғыларды байланыстырмаңыз.
- Айнымалы ток/тұрақты ток адаптерлері үшін, розетка жабдықтың жанында орнатылуы керек және қол жетімді жерде болуы керек.



Сақтық шаралары

- Белгілі бір жағдайларда және орталарда ұялы телефондардың пайдаланылуын шектейтін барлық қолданыстағы заңдар мен ережелерді ұстаныңыз.

- Телефонды жанармай құю бекеттерінде, жарылыс қаупі бар немесе жарылу қаупі жоғары орталарда, соның ішінде жанармай құю станцияларында, кеме палубаларының астында, жанармай немесе химиялық заттар тасымалданатын немесе сақталатын жерлерде немесе ауасында астық, шаң немесе металл ұнтақтары секілді химиялық заттар немесе бөлшектер болуы мүмкін жерлерде пайдаланбаңыз. Телефон немесе басқа да радиожабдық түрлері сияқты барлық сымсыз құрылғыларды өшіруді талап ететін кез келген ережелерді ұстаныңыз. Жарылыс жұмыстары жүргізілетін аумақта немесе ықтимал қауіптердің алдын алу мақсатында «дуплексті радиостанцияларды» немесе «электрондық құрылғыларды» өшіруді талап ететін жерлерде ұялы телефонды немесе сымсыз құрылғыны өшіріңіз.
- Телефонды аурухананың ота жасайтын бөлмелерінде, жедел жәрдем немесе жансақтау бөлімдерінде пайдаланбаңыз. Әрқашан ауруханалар мен медициналық орталықтарда белгіленген барлық ережелер мен талаптарды орындаңыз. Медициналық құрылғыны пайдаланатын болсаңыз, телефоныңыз құрылғының жұмысына кедергі келтірмейтініне көз жеткізу үшін дәрігеріңізбен және құрылғы өндірушісімен кеңесіңіз. Кардиостимулятор үшін ықтимал кедергілерді туындатпау үшін әрқашан ұялы телефон мен кардиостимулятор арасында кемінде 15 см қашықтықты сақтаңыз. Бұны телефонды жүрекширатқышқа қарама-қарсы құлақта пайдалану және телефонды төс қалтада алып жүрмеу арқылы жасауға болады. Медициналық жабдыққа кедергі келтірмеу үшін телефонды есту аппараттарының, кохлеарлық импланттардың немесе басқа ұқсас құрылғылардың жанында пайдаланбаңыз.
- Ұшақтағы барлық қауіпсіздік ережелерін ұстаныңыз және ұшақ борты сұраған жағдайда телефонды өшіріңіз.
- Көлік жүргізу кезінде телефонды жол жүру ережелері мен талаптарына сәйкес пайдаланыңыз.
- Найзағай соғуының алдын алу үшін күн күркіреген кезде телефонды сыртта пайдаланбаңыз.
- Телефоныңыз зарядталып жатқан кезде, оны қоңырау шалу үшін пайдаланбаңыз.
- Телефонды жуыну бөлмелері секілді ылғалдылығы жоғары жерлерде пайдаланбаңыз. Бұл электр тогының соғуына, жарақат алуға, өртке немесе зарядтағыштың зақымдалуына әкелуі мүмкін

Қауіпсіздік мәлімдемесі

Кірістірілген бағдарламалық жабдықты жаңарту мүмкіндігін пайдаланып телефоныңыздың операциялық жүйесін жаңартыңыз немесе кез келген уәкілетті қызмет көрсету орталықтарына жүгініңіз. Басқа әдістерді пайдаланып бағдарламалық жабдықты жаңарту құрылғыны зақымдауы немесе деректердің жоғалуына, қауіпсіздік мәселелерінің туындауына және басқа да қауіптерге әкелуі мүмкін.

ЕО ережелері



RED сәйкестік декларациясы

Xiaomi Communications Co., Ltd компаниясының мәлімдемесіне сәйкес Bluetooth және Wi-Fi мүмкіндіктерімен қамтылған бұл GSM / GPRS / EDGE / UMTS / LTE сандық ұялы телефоны 23129RAA4G RE 2014/53/EU директивасының негізгі талаптарына және басқа да тиісті ережелеріне сәйкес келеді. ЕО сәйкестік декларациясының толық мәтіні келесі интернет мекенжайы бойынша қолжетімді: www.mi.com/en/certification

Радиожиілік сәулеленуінің әсер етуі (SAR) туралы ақпарат

Бұл құрылғы 1999/519/EC Кеңесінің ұсынысында, ICNIRP нұсқаулығында және RED сәйкестік декларациясында (2014/53/EU директивасында) көрсетілген жалпы пайдалану/бақыланбайтын әсер ету бойынша салыстырмалы сініру коэффициентінің (SAR) шектеулеріне (бас пен дене үшін 10 грамға шаққандағы SAR шектеуі, шектеуі: 2,0 Вт/кг) сәйкес келеді.

SAR сынағы кезінде құрылғы барлық сыналған жиілік ауқымдарында ең жоғары сертификатталған қуат деңгейіне орнатылды және қосымша оқшаулаусыз және дененің жанында 5 мм қашықтықта пайдаланылған кезде радиожиілік сәулеленуінің әсер етуін қайталайтын күйлерге орналастырылды.

Құрылғының адам денесіне әсері SAR талаптарына сәйкес екені құрылғы мен адам денесі арасындағы қашықтық 5 мм болған сынақтарға негізделген. Радиожиілік сәулелену деңгейі мәлімделгенге сәйкес келуі немесе одан төмен болуы үшін бұл құрылғыны денеден кемінде 5 мм қашықтықта ұстау керек. Құрылғыны денеге жақын бекіткен кезде металл бөлшектері жоқ және құрылғы мен дене арасындағы кемінде 5 мм қашықтықты қамтамасыз ететін белдік қысқышын немесе тысқапты пайдалану керек. Денеге металл аксессуарлары киіліп, радиожиілік сәулеленуінің әсер етуі сыналмаған немесе сертификатталмаған, сол себепті мұндай мұндай аксессуарларды пайдаланудан аулақ болу керек.

Сертификаттау ақпараты (ең жоғары SAR деңгейі)

10 грамм үшін SAR шегі: 2,0 Вт/кг;
SAR мәні: Бас: 0,834 Вт/кг; Дене: 0,872 Вт/кг (5 мм қашықтықта).

Заңи ақпарат

Бұл құрылғыны ЕО-ға мүше барлық елдерде пайдалануға болады. Құрылғы пайдаланылатын аймақтың ұлттық және жергілікті ережелерін сақтаңыз.

Бұл құрылғы 5250-5350 МГц жиілік ауқымында жұмыс істегенде ғана үй ішінде пайдалануға рұқсат етілген: AT,BE,BG,HR,CY,CZ,DK,EE,FI,FR,DE,EL,HU,IE,IT,LV,LT,LU,MT,NL,PL,PT,RO,SK,SI,ES,SE,UK(NI),IS,LI,NO,CH,TR

Wi-Fi қосылымының мүмкіндіктері (соның ішінде Wi-Fi жиілік ауқымдары, Wi-Fi стандарттары және IEEE 802.11 стандартты сипаттамаларында көрсетілген басқа мүмкіндіктер) аймақтық қолжетімділікке және жергілікті желі қолдауына байланысты өзгешеленуі мүмкін. Мүмкін болған кезде, функцияны OTA жаратуы арқылы қосуға болады.

2,4 ГГц ауқымындағы шектеулер:

Норвегия: бұл бөлімше Нью-Алесунд орталығынан 20 км қашықтықта орналасқан географиялық аймаққа қолданылмайды.

Пайдаланылатын қуат адаптерлерінің еліңіздегі қолданыстағы нормаларға және халықаралық және аймақтық қауіпсіздік стандарттарына сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.

Жиілік ауқымдары және Қуат

Бұл ұялы телефон тек EО аймақтарындағы келесі жиілік ауқымдарын және максималды радиожілілік қуатын қолдайды:

GSM 900: 35,5 дБм

GSM 1800: 32,5 дБм

WCDMA 1/8 ауқымы: 25,7 дБм

LTE 1/3/7/8/20/28/38/40/41 ауқымы: 25,7 дБм

Bluetooth: 20 дБм

Wi-Fi 2,4 ГГц: 20 дБм

Wi-Fi 5 ГГц: 5150 – 5250 МГц: 23 дБм, 5250 – 5350 МГц: 20 дБм, 5470 – 5725 МГц: 20 дБм, 5725 – 5850 МГц: 14 дБм

FCC ережелері

Бұл ұялы телефон FCC ережелерінің 15-ші бөліміне сәйкес келеді. Пайдалану келесі екі шартқа сәйкес жүзеге асырылуы тиіс: (1) Бұл құрылғы зиянды кедергі тудырмауы тиіс және (2) бұл құрылғы кез келген кедергіні, соның ішінде қолайсыз жұмысты тудыруы мүмкін кедергілерді қабылдауы керек.

Бұл ұялы телефон сыналған және FCC ережелерінің 15-бөліміне сәйкес В санатындағы сандық құрылғының шектеулеріне сәйкес келетіні анықталды.

Бұл шектеулер құрылғы тұрғын үйге орнатылған кезде зиянды кедергілерден ақылға қонымды қорғанысты қамтамасыз ету үшін жасалған.

Бұл жабдық радиожілілік қуатын өндіреді, пайдаланады және шығара алады, ал егер ол талаптарға сәйкес орнатылмаса және пайдаланылмаса, радиобайланыс үшін зиянды кедергілер тудыруы мүмкін.

Алайда, белгілі бір орнату кезінде кедергі болмайтынына кепілдік жоқ. Егер бұл жабдық радио немесе телевизиялық қабылдауға кедергі келтіретін болса (оны жабдықты өшіру және қосу арқылы анықтауға болады), пайдаланушыға кедергілерді келесі әдістердің бірімен немесе бірнешеуімен жою ұсынылады:

- Қабылдағыш антеннаны қайта бағыттаңыз немесе жылжытыңыз.
- Жабдық пен қабылдағыш арасындағы қашықтықты арттырыңыз.
- Жабдықты қабылдағыш қосылған тізбектен басқа тізбектегі розеткаға қосыңыз.
- Көмек алу үшін дилерге немесе тәжірибелі радио/теледидар маманына хабарласыңыз.

Радиожілілік сәулеленуінің әсер етуі (SAR) туралы ақпарат

Бұл құрылғы радио толқындарының әсеріне қойылатын мемлекеттік талаптарға сәйкес келеді. Бұл құрылғы радиожілілік (РЖ) қуатының әсер ету шегінен аспайтын етіп жасалған және өндірілген. Сымсыз құрылғыларға қатысты әсер ету стандарты салыстырмалы сифіру коэффициенті немесе SAR деп аталатын өлшем бірлігін пайдаланады.

FCC белгілеген SAR шегі 1,6 Вт/кг құрайды. Бұл құрылғы денеге кию үшін сыналған және құрамында металл жоқ және құрылғыны денеден минималды 1,0 см қашықтықта орналастыратын аксессуармен пайдаланылған кезде FCC ережелерінің радиожілілік сәулеленуінің әсер етуі туралы нұсқауларына сәйкес келеді. Құрамында металл бар кез келген денеге киілетін аксессуардың радиожілілік сәулеленуінің әсер етуімен сәйкестігі сыналмаған және сертификатталмаған әрі мұндай денеге киілетін аксессуарды пайдаланудан аулақ болу керек. Денеге киілетін құрылғымен бірге пайдаланылатын кез келген аксессуар денеден кемінде 1,0 см қашықтықта орналасуы керек.

FCC ескертпесі

Талаптарды орындауға жауапты тарап мақұлдамаған өзгерістер немесе жетілдірулер пайдаланушыны жабдықты пайдалану құқығынан айыруы мүмкін.

В санатындағы FCC шектеулерінің осы құрылғымен сәйкестігін қамтамасыз ету үшін экрандалған кабельдерді пайдалану қажет.

Электрондық жапсырма

Бұл құрылғыда сертификаттау ақпараты бар электрондық жапсырма бар.

Оған қатынасу үшін «Параметрлер» > «Телефон туралы» > «Сертификаттау» бөліміне өтіңіз немесе параметрлерді ашып, іздеу жолағына «Сертификаттау» деп теріңіз

Үлгі: 23129RAA4G

2312 дегеніміз бұл өнім 202312 күнінен кейін шығарылатынын білдіреді.

Назар аударыңыз

Бұл пайдаланушы нұсқаулығын Xiaomi компаниясы немесе оның жергілікті еншілес компаниясы жариялады. Ағымдағы ақпараттың қателіктерінен, дәлсіздіктерінен немесе бағдарламалардың және/немесе жабдықтардың жетілдірілуінен туындауы мүмкін қателерді дұрыстау мақсатында Xiaomi компаниясы кез келген уақытта және алдын ала ескертусіз осы пайдаланушы нұсқаулығына жетілдірулер мен өзгертулер енгізе алады. Дегенмен, бұл өзгерістер пайдаланушы нұсқаулығының жаңа онлайн нұсқаларына енгізіледі (толығырақ www.mi.com/global/service/userguide сайтында көре аласыз). Барлық кескіндер тек мысал үшін ұсынылған және нақты құрылғыны дәл бейнелемеуі мүмкін.